

# **Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі және мектеппен байланысы**

# Отбасы- шағын мемлекет

Отбасы- ол да бір шағын мемлекет.Әр мемлекеттің

өзіне тән өндірісі, өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, басқару тәртібі, міндет-қызмет бөлінісі,


кіріс- шығыс бюджеті, қасиеттеп, қастерлеп ұстанатын рәміздері т.б болмыс-тіршілік жақтары болады.

Адамдардың жақсы өмір сүруі отбасы құрамындағыларға байланысты.Сондықтан отбасы құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерінің бір-біріне адал, қамқор болуына тәрбиелеген.

*“Отбасы –шағын мемлекет  
Мен-президент, сен-премьер...”*

**Қ.Аманжолов**

# Әр адамның түсінігі бойынша



# Бала тәрбиесіндегі алғашқы ұстаз — ата-ана.

Жанұяда жақсы қасиеттер балаға сөзбен,  
үлкендердің үлгісімен сіңеді, дамыды:

- *адамгершілік*
- *бауырмалдық*
- *татулық*
- *қайырымдылық*
- *әдептілік*
- *инабаттылық*

*«Әкеге қарап ұл өсер,  
шешеге қарап қыз өсер»*

# Еңбекпен тәрбиелеу

- өзің жұмыс істеп жүргенде баланың қолынан келетін ісіне жағдай туғызу
- оның үйренуіне көмектесу
- берген тапсырмаңыздың аяғына дейін орындаулың төзімділікпен бақылау
- істеген ісін ұқыпты , тындырымды орындауына бағыт беру
- жақсы ісін мадақтап, терісін оң етіп түсіндіру

*Бала ересектерді сыйлап,  
кез келген тапсырмасын орындауға  
қарсылық білдірмейді.*

# Бала тәрбиесіндегі басты тұлға- әке мен шеше

*«Екеуіміз де жұмыстамыз, кешкісін  
үй шаруасынан қол тимейді, баламен  
сөйлесуге уақыт жоқ»*





# Балаға теріс әсер етеді

- **Жанұядағы жанжал,**
- **үлкендердің аузына келген сөздерді айтуы,**
- **баланың көзінше басқа біреуді сөгуі,**
- **біреудің сыртынан өсек айтуы**
- **балалардың көзінше арақ ішу,**
- **үсті-үстіне темекі тарту т.б.**

*«Балаңда өсер,  
көкейіңді тесер»*

# Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады

Кейде сабақты жиі қалдыруға және әр түрлі сылтауларды үлкендердің өзі үйретіп отырады.

Бұл жағдайда балаға өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін.

## Сондықтан

- Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту,
- тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру,
- табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту,
- сүйікті ісімен айналысуға мүмкіндік беру
- дұрыс білім алуына жағдай жасау



# Жанұя типтері:

1. Әмірлі (авторитарлық)
2. Демократиялық  
(егемендік)
3. Бетімен жіберушілік
4. Рақымшыл жанұя

# “Біреулер кұдайдан бала тілейді...”

*Ол баланы не қылады?*

*— Өлсем орнымды  
бассын, — дейді.*

*— Артымнан құран  
оқысын, — дейді*

*— Қартайғанда  
асырасын, — дейді.*


*Ол баланы не қылады?*

*-Білімді, жан-жақты  
болсын, -дейді*

*-Бәрінен ерекше, артық  
бақсын,-дейді*

*-Заманына бейімделіп,  
күн астынан орнын алсын ,-  
дейді*

# Үш байланыс



*Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.» В.А. Сухомлинский*



# Ата-анаға ұсыныс:

1. Оқушыда сапалы білім мен тәрбие болу үшін мектеп және ата-ана тығыз байланыста болуы қажет.
2. Бала үшін ата-ана тек асыраушының рөлін атқармай, оның білім мен тәрбие алу жолындағы нағыз серіктесі болуы қажет, баламен көзбе-көз сөйлесіп оған әр түрлі жағдайда ақыл-кеңес беру.
3. Ата-ана баласына көбірек уақыт бөліп қадағалау, бағыттау, бағалау, білім олқылықтарын анықтап дер кезінде көмектесіп отыру.
4. Ата-ана баласына педагогикалық көмек көрсететіндей дәрежеде болуы керек.
5. Ата-ана өзін-өзі жетілдіру бағытында жұмыс істеу (газет, журнал, теледидар

# Ата-анаға берілетін кеңес:

1. Балаға мектеп, мұғалім туралы көбірек мағлұмат беріп, дайындық жұмысын алдын ала жүргізіңіз.
2. Балаңызды өзіне-өзі қызмет етуге дайындаңыз.
3. Жанұяда бала тәрбиесіне бірдей талап қоя біліңіздер.
4. Балаға уәде бергеннен кейін орындауға тырысыңыз, орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда дұрыс түсінік беріңіз.
5. Баланың өз бетімен әрекет жасауына мүмкіндік беріңіз (бермеген жағдайда бала өмір бойы бір істі өздігінен істей алмайтын, жалтақ, өзіне сенбейтін болып өседі).
6. Балаңызға сүйіспеншілікпен қараңыз. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ол бұл әлемнен махаббат табуды үйренеді.



# Ой толғанысы ...

1. Егер баланы үнемі сынап отырса , оқуға құлқы болмайды  
Балаға үнемі күлсе , бұйығы болып өседі  
Баланы қолдап отырса , білімге деген ынтасы артады
2. Балаға сенім артса , ол батыл болады  
Бала төзімділікте өссе , адал болып жетіледі  
Бала қауіпсіз жағдайда өссе , ол адамға сеніммен қарайды
3. Бала кекшілдікте өссе , ол қатыгез болып өседі  
Бала адалдықта өссе , әділ болып жетіледі  
Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, бұл әлемнен махаббат табуға үйретеді